



“Мәдени мұра”

**Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары
Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың
бастамасы бойынша шығарылды**

«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН

ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Әшімбаев М.С., кеңес төрағасы

Асқаров Ә.А, жауапты хатшы

Абдрахманов С.

Атабаев Қ.М.

Аяған Б. Ғ.

Әбусейітова М.Қ.

Әжіғали С.Е.

Әлімбаев Н.

Әуезов М.М.

Байпақов Қ.М.

Балықбаев Т.О.

Дүйсембаев Е.С.

Есім Ғ.

Жақып Б.Ө.

Жұмағалиев А.Қ.

Қозыбаев І.М.

Қасқабасов С.А.

Қойгелдиев М.Қ.

Құл-Мұхаммед М.А.

Құрманбайұлы Ш.

Мәжитов С.Ф.

Мұхамедиұлы А.

Мыңбай Д.Қ.

Нысанбаев Ә.Н.

Өскенбаев Қ.А.

Салғара Қ.

Самашев З.

Сариева Р.Х.

Сұлтанов Қ.С.


Тұяқбаев Қ.Қ.

Түймебаев Ж.Қ.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

*Қазақ
мақал-мәтелдері*



FOLIANT


УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)
Б 12

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б.У., Күзембаева С.А.,
Әлібеков Т., Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:
Қ.Алпысбаева, Т.Әлібеков (*жауапты редактор*), С. Қасқабасов

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:
Қ.Алпысбаева (*жауапты шығарушы*), Т.Әлібеков, Н.Елесбай

Б 12 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2010.
Т. 66: Қазақ мақал-мәтелдері. — 408 бет.

ISBN 978-601-292-227-1

«Бабалар сөзі» сериясының 66-томына Қазан төңкерісіне дейін түрлі басылымдарда жарияланған, сондай-ақ профессор Ә.Құрышжанов құрастырған «Сөз атасы» жинағында қамтылған мақал-мәтелдер енді.

Б $\frac{4702250205}{00(05) - 09}$

УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-292-227-1 (т. 66)

© Әдебиет және өнер институты, 2010

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2010

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланып отырған «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастыруда.

Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған алпыс үш томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға, бір-бір томы шағын жанрлардың үлкен салалары жұмбақтар мен мақал-мәтелдерге арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он үш томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың он бір томы, тарихи жырлардың он бір томы, батырлар жырының жиырма томы, сондай-ақ шежірелік дастандар, жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің жеке-жеке томдары баспаға әзірленді. Бұлардың он томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналған.

Оқырман назарына ұсынылып отырған 66-том да мақал-мәтелдерге арналды, алдағы уақытта мақал-мәтелдердің тағы да бірнеше томын дайындау жоспарланып отыр. Себебі кейінгі жылдарға дейін басылым көріп келген мақал-мәтелдер кеңестік цензураның елегінен өтіп барып, іріктелген мәтіндер еді. Бұған сан мәрте қайта басылып келген Ө.Тұрманжанов, Б.Адамбаев пен Б.Ақмұқанова құрастырған жинақтар айқын дәлел. Бұл басылымдар жалпы оқырмандарға арналғандықтан, көркем мәтіндерге ғана

көңіл бөлініп, кейбір мәтіндерге өзгерістер де енгізілді. Мысалы, «Ісінің ағы білмейді, Жігіттің бағы біледі» деген мақал кейін «Жігіттің бағы білмейді, Жұмыстың бабы біледі» делініп, немесе «Ат шаппайды, бап шабады» деген даналық сөз «Ат шаппайды, бақ шабады» деп редакцияланды. Аталған жинақтардағы мәтіндер мен түпнұсқаны салғастыра қарастырғанда, қасақана түзетілген, қате оқылған мақал-мәтелдерді көптеп кездестіруге болады. Алайда бұл жинақтар бір ғасыр көлемінде халыққа қызмет етіп, сан ұрпақтың рухани әлемінің жетілуіне ықпалын тигізді.

Халық даналығының, ұлттың рухани-әлеуметтік бай тәжірибесінің нәтижесінде мыңдаған мақал-мәтелдер дүниеге келді. Олардың көпшілігі есте жоқ ескі замандарда тапқыр, шешен, данагөй сөз зергерлерінің аузынан айтылып, біртіндеп бүкіл халыққа ортақ өсиет, үлгі сөз ретінде мақал-мәтел аталып кеткен. Мақал мен мәтелдің арасында айтарлықтай шекара болмағанмен өзіндік стильдік белгі-бедерлері бар екені мәлім. Мақалдар кейде ұзынды-қысқалы болып, бірнеше тақырыптық мазмұнды қамтиды. Мысалы: «Көп ойлаған табар, көп үрлеген жағар» деген сияқты мәтелдер қысқа, нұсқа, құрылымы мейлінше ықшам түрде жасалып бір ғана нақты ой-түсінікті меңзейді. Мәтелдер мақалдарға қарағанда әбден тұрақтанған канондық мәтінге ие. Халқымыздың сөз мәйегі саналатын бұл ғажайып мұраның байып, жинақталып, ел игілігіне айналуына көптеген жинаушылар қызмет етті. Ш.Уәлихановтың, М.Бабажановтың, Ы.Алтынсаринның, Б.Дауылбаевтың, М.Ешмұхамедовтің, А.Ысқақбаласының, А.Баржақсыұлының, Ө.Тұрманжановтың, Б.Ақмұқанованың, М.Аққозинның, Ә.Қайдаридың, Ә.Құрышжановтың, М.Әлімбаевтың, Б.Адамбаевтың, Қ.Саттаровтың т.б. ел зиялыларының, сондай-ақ орыс оқымыстылары В.Радлов, И.Березин, Н.Пантусов, А.Алекторов, П.Мелиоранский, В.Катаринский, Я.Лютш, А.Васильев, И.Лаптев, Н.Остроумов, В.Герн, В.Бартольд, Н.Катанов, Ә.Диваев бұл бағытта мол еңбек сіңіргені белгілі.

Бұл томға ҚР БҒМ ҒК М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің әр жылдары ғылы-


ми, әдеби-фольклорлық және этнографиялық экспедициялар кезінде ел арасынан жинаған Қазан төңкерісіне дейін жарыққа шыққан қазақ басылымдарының материалдары, ҚР БҒМ ҒК ОҒК-ның Сирек кітаптар қорында және ӘӨИ Қолжазба қорында сақталған ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде баспа жүзін көрген мақал-мәтелдер жинақтары, сондай-ақ профессор Ә.Құрышжанов құрастырған «Сөз атасы» атты жинақта қамтылған V-XVII ғасырлар аралығындағы жалпытүркілік әдеби жәдігерлер енгізілді. Ұсынылып отырған том ғылыми басылым болғандықтан, мәтіндер әліпбилік жүйемен түзіліп, реттік санмен нөмірленді. Сонымен бірге мәтіндердің нұсқалары мен версиялары да назарға алынып, сөз, тіркестер өзгерген жағдайда мазмұны ауысқан кей мақал-мәтелдер қатар жіберілді. Мысалы, «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда!» деген мақал нақты жағдайға байланысты енді бір нұсқасында: «Келінім, саған айтам, қызым, сен тыңда!» болып, ішкі мазмұны өзгеріске түседі. Мұндайда әліпбилік ретпен екі нұсқаны да енгізуге тура келді. Халық мұралары әр кезеңде, әр өңірден жиналғандықтан, тілдік, көркемдік-мазмұндық жағына мән беріліп, түпнұсқа негізінің бұзылмауына ерекше көңіл бөлінді.

Жоспар бойынша «Бабалар сөзі» сериясына енетін мақал-мәтелдер мәтіні бірнеше томды қамтитыны жоғарыда айтылды. Келесі томдарға Қытай Халық Республикасын мекендеген қазақтар арасында айтылып, сол жақта кітап болып басылған материалдар, сондай-ақ Кеңес дәуірінде хатқа түсіп, қолжазба күйінде сақталған мақал-мәтел үлгілері енгізіледі.


Том соңында берілген ғылыми қосымшаларда жинаққа енген мақал-мәтелдерге жазылған түсініктемелер, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар туралы түсініктер, жер-су атауларына сипаттамалар, шығармаларды жинаушылар мен жырлаушылар туралы мәліметтер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, басылым туралы орыс және ағылшын тілдеріндегі қысқаша түйін қамтылған.

Томға енген мәтіндер М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, ҚР Ұлттық кітапханасы мен ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасының сирек қорларында сақталған түпнұсқалар негізінде дайындалды.

Томның көлемі — 25,5 б.т.



МƏТИНДЕР



Мәтіндер

А

1. Ас жоқта ашықсаң, табақты да жеп қоясың.
2. Ас қадірін білмесең, ашаршылықты көрерсің,
Ат қадірін білмесең, жаяушылықты көрерсің.
3. Ас таңдасаң, аяғына қара,
Қыз таңдасаң, шешесіне қара.
4. А, Құдайым бала бер,
Бала берсең, сана бер.
Санасыз бала бергенше,
Артынан бәрін-бәрін ала бер.
5. Абайламай сөйлеген ауырмай өледі.
6. Абайламай түстім тереңге,
Енді маған сай қайда?
7. Абиырлы жігітке
Ажалды қоян тап келер.
8. Абиырлы жігіттің
Алғашқы ұрлығы ашылсын.
9. Абысын тату болса ,ас көп,
Туысқан тату болса, ат көп.

10. Абысын тату болса, ас көп,
Ағайын тату болса, ат көп.
11. Ағайын алыста болса, кісінесер,
Жақында болса, тістесер.
12. Ағайын ащы, мал тұщы.
13. Ағайын бар болсаң, көре алмайды,
Жоқ болсаң, асырай алмайды.
14. «Ағайын!» десе, аң қарадық,
«Қайын» десе, тез қарадық.
15. Ағайын тату болса, ат көп,
Абысын тату болса ас көп.
16. Ағайынға қадірім жоқ,
Бетімді көреді.
Қатыныма қадірім жоқ,
Етімді көреді.
17. Ағайынға қадірің болмас,
Күнде бетіңді көреді.
Әйелге қадірің болмас,
Етіңді көреді.
18. Ағайынды алқалап құрмет көрсет.
19. Ағайынды қарындас, жең үшінен жалғасыңдар.
20. Ағайынның азары болса да, безері болмас.
21. Ағайынның ұрысы — торқаның жыртысы.
22. Ағайын-туған кімде жоқ,
Сыйлассаң, жат та жуық (жақын).
23. Ағаны көріп іні өсер,
Апаны көріп сіңілі өсер.

24. Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.
25. Ағасы бардың жағасы бар.
26. Ағаш басына жел тиер,
Көрікті кісіге сөз тиер.
27. Ағаш біткенді жүкті қылатын — жел.
28. Ағаш кессең, ұзын кес (қысқартуға жақсы),
Темір кессең, қысқа кес (ұзартуға жақсы).
29. Ағаш көркі — жеміс,
Адам көркі — жақсы іс.
30. Ағаш көркі жапырақ,
Адам көркі шүберек.
31. Ағаш қамшы көп болар,
Аттанар күні жоқ болар.
32. Ағаш бір жерде көгереді.
33. Ағашқа науа біткен сайын,
Бәсең болмақ керек.
34. Ағаштың жемісін жеймін десең,
Түбіне балта шаппа.
35. Адал дүниеге есеп керек.
36. Адал сөзбен айтысады,
Өсек сөзбен сыбырласады.
37. Адал іс істесең, адал боп өсесің,
Ақылды іс істесең, өміріңе құт,
Қиын іс бітірсең, өмір бойы қорықпайсың.

38. Адалға есеп, арамға да сұрау бар...
39. Адалдық — ерлік нышаны.
40. Адалдық ақыры бір көрінеді.
41. Адам бір оқтық, өлтіру оңай,
Бірақ мың адам бір адамды тірілте алмайды.
42. Адам бір оқтық.
43. Адам — қарынның құлы.
44. Адам адамнан құтылады,
Пейілінен құтылмайды.
45. Адам айдаса, бармаймын,
Құдай айдаса, қалмаймын.
46. Адам аласы ішінде,
Мал аласы сыртында.
47. Адам аласы ішінде,
Мал аласы тысында.
48. Адам аяғының тұзағы — бала-шаға.
49. Адам бақытқа тоймайды.
50. Адам баласы айыпсыз болмас.
51. Адам баласы зарыға бермейді,
Ит баласы зорыға бермейді.
52. Адам баласы артындағысын көріп қартаяды.
53. Адам баласы қайғысыз болмас,
Қайғысыз болса, адам да болмас.

54. Адам баласы тастан қатты емес.
55. Адам баласы үрілген мес сияқты,
Аузын ашса, босап қоя береді.
56. Адам бастан қартаяды,
Қартайған соң мал таяды.
57. Адам бойындағы ең тамаша нәрсе —
білім мен ақыл.
58. Адам болар баланың
Кісіменен ісі бар,
Адам болмас баланың
Кісіменен несі бар.
59. Адам болар жігіттің етек-жеңі кең келер.
60. Адам болар кісінің кісісіменен ісі бар,
Адам болмас кісінің кісіменен не ісі бар.
61. Адам болған соң,
Онда кінә да болады.
62. Адам біліммен көтеріледі.
63. Адам бір сөйлескенде — жылан,
Екі сөйлескенде — құлан,
Үшінші сөйлескенде — адам.
64. Адам дегені болмас,
Құдай дегені болар.
65. Адам емес, мәңгі өлмейтін — атағы,
Өмір-бақи жасайды ғой ол тағы.
66. Адам кейде астың тек тазасын ішеді,
Кейде жұғынын ғана жалайды.

67. Адам көші керуендей тізілген,
Көп кідірмес кезі бар ма үзілген?
68. Адам күш жұмсап бай бола алмайды,
Арыз айтып бек бола алмайды.
69. Адам мәңгі жасамас,
Көрге кірген кері қайтпас.
70. Адам мен адам арасы —
Аспан мен жер арасы.
71. Адам мен адамның арасы —
Жер мен көктей.
72. Адам мен малдың айырмасы ақылда.
73. Адам ойлайды,
Алла шешеді.
74. Адам өз қолын өзі кеспейді.
75. Адам өз атын кісілікпен көтереді.
76. Адам өмірі қылдан да жіңішке.
77. Адам өтеді, игі аты қалады.
78. Адам тілден табады,
Сиыр мүйізінен табады.
79. Адам тілі тас жарар,
Тас жармаса, бас жарар.
80. Адам тілінен байланар,
Мал басынан байланар.
81. Адам уағдада тұрса,
Сөз қадірін білгені.

- Уағдада тұрмаса,
Ол адамның өлгені.
82. Адам ісінің астарында өлім жатады.
83. Адам ішіп-жеу үшін ғана өмір сүрмейді.
84. Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі — тіл, бірі — ділің жүректегі.
85. Адамға қылсаң жақсылық,
Жақсылық білмес кей заңғар.
Жақсылыққа жамандық қылам деп,
Дүниеде би, иман кеткен көп жандар.
86. Адамға тілене беру — ұят:
Тапқан наны көбейгенімен,
Абыройы азады.
Көп тілену — жұмыс емес кәделі,
Нан көбейер, бірақ азар беделі.
87. Адамға тілінен, сиырға мүйізінен.
88. Адамға шабатын арыстаннан
Жүк таситын есек артық.
89. Адамды білім сақтайды.
90. Адамды екі нәрсе қартайтпайды:
Бірі — жақсы мінез,
Екіншісі — жақсы сөз.
91. Адамды мүлік бұзады.
92. Адамнан сұрама,
Құдайдан сұра.
93. Адамнан тілеген ариды,
Құдайдан тілеген тариды.
Есті кісі әр істі ойменен таниды.

94. Адамнан тілеген арыды,
Құдайдан тілеген жарыды.
95. Адамның ақылы азса,
Істемес істі істейді.
96. Адамның басы — Алланың добы.
97. Адамның жаманы — мылжың,
Жақсысы — жомарт.
98. Адамның көзі — таразы.
99. Адамның көңілі де көк сияқты қаулайды, семеді.
100. Адамның өзі өледі, сөзі қалады.
101. Адасқан қаздай, руым аздай.
102. Адасқанды сөкпеңіз,
Қайтып үйірін тапқан соң.
Ұрлағанды кешіңіз,
Тоғыз алып жапқан соң.
103. Адасқанның айыбы жоқ,
Қайтып үйін тапқан соң.
104. Адасқанның алды жоқ.
105. Адасқанның алды өзіне жөн.
106. Адасқанның алдында еш нәрсе жоқ.
107. Адасқанның артындағысы білер,
Жаңылғанның жанындағысы білер.
108. Ажал анық болса да,
Мезгілі жетпей ер өлмес.

109. Ажал жетпей, өлмек жоқ.
110. Ажал жетсе, ай да өледі,
Күні туса, күн де өледі.
111. Ажалдан ақша беріп құтылмас.
112. Ажалдан аман қалатын адам жоқ.
113. Ажалдан ешкім қашып құтыла алмайды.
114. «Ажалсыз адам өлмес» деп,
Жыланды құйрығынан ұстама.
115. Ажалсыз аштан өлмес.
116. Ажалсыз балық құрғақ жерде де өлмейді.
117. Ажалсыз ерге өлім жоқ.
118. Ажалы жеткен тышқан
Мысықтың ернін тартып жатады.
119. Ажалы жеткен тышқан
Мысықтың үстіне секіреді.
120. Ажырасар болған соң,
Құшып-сүйгеннен не пайда?
121. Аз асқа жасауыл болма,
Көп асқа бөкеуіл болма.
122. Аз асын аяған
Көп астан құр қалар.
123. Аз бергенді көп көріп,
Көп бергенді көргенмін.
Қарындасты қас көріп,
Топ көргенді көргенмін.

124. Аз болды деп күйінбе, мая болса, қайтесің,
Көп болды деп қуанба, зая болса, қайтесің.
125. Аз ғана игі іске көп рахмет айт.
126. Аз дәлелден көп мағына тәлім болады,
Уыс дәннен бидайдың қасиеті мәлім болады.
127. Аз деп жауды аяма.
128. «Аз екен» деп жауыңа мұрсат берме.
129. Аз кісінің теңдігі бар да, төресі жоқ,
Жалғыз аттың астауы бар да, дересі жоқ.
130. Аз от алауласа, шаһар өртейді.
131. Аз өмір сабырмен өтеді,
Ақсақ үйіне асықпай жетеді.
132. Аз-аздан жиналса, көп болады,
Көп аздан жиналады.
133. Аз-аздан үйреніп дана болар,
Бір-бір тамшыдан жиналып дария болар.
134. Азаматтық жасай алмаған адам —
Бұл өмірге келмеген адаммен бірдей.
135. Азан айтпақ молдаға сый.
136. Азан айтпақ молданың ісі.
137. Азанда келген мал (байлық) кешке ізін табады.
138. Азат жанды құл қылайын десеңіз,
Шүлен тарат, қайтар содан есеңіз.
«Жомарт» ат берген ерге тағылады,
Ел-жұрты соған қарай ағылады.

139. Азға қанағат етпеген
Көптен құр қалады.
140. Азға қанағат қылғанды
Барлық жерде сыйлайды.
141. Азған елге би болма,
Арыған атқа басаубіл болма.
142. Азығы бар арымас.
143. Азықлы ат арымас.
144. Азықсыз адам алысқа бармайды.
145. Азықты ат арымас.
146. Азым дұспан кей адам нәпсін тыймас,
Нәпсіменен дос болып, дүнияны көзі қимас.
147. Айт аттынікі, той тондынікі.
148. Ай айдың оты басқа.
149. Ай жүзді әйелден
Әдемі ән әлдеқайда артық.
150. Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ.
151. Ай толық болса,
Айдыны әлемге кетер.
152. Ай туғанда алдымен кішкентай көрінер.
153. Ай, күн әлемге бірдей,
Патша адамға бірдей.
154. Айбар керек, әл керек,
Әлсіз айбар не керек.

155. Айғақ өлер, кепіл төлер.
156. Айдап жүрген мал жақсы,
Мал жақсы емес-ау,
Арыз тыңдаған хан жақсы.
Бәрін айт та, бірін айт,
Аман тұрған жан жақсы.
157. Айдап сал жаққан от жанса,
Сақтықтың суын сеп.
158. Айдаһар айға шапшиды.
159. Айдың жарығы төңірегіне түседі,
Өзіне түспейді.
160. Айқай, көкірек!
Не демейді сұм жүрек.
161. Айқай, менің өз үйім,
Кең сарайдай боз үйім!
162. Айла білген кісілер
Көзінді байлап алдайды.
163. Айламен арыстан ұстар,
Қара күшпен тышқан да ұстай алмас.
164. Айласыз ау құрған
Құс ұстай алмайды.
165. Айласын білген кісіге
Арыстан да бастығар.
166. Айналдырған ауру алмай қоймас.
167. Айран сұрай келіп,
Шелегінді жасырма.

168. Айран ішкен құтылды,
Шелек жалаған тұтылды.
169. Айрылған азады,
Қосылған озады.
170. Айт жеткізіп білімдіге, мұны ұғар,
Құлын ат боп, қысырақ та тынығар.
171. Айт сөзді ұққанға,
Айтып-айтпа құлағына мақта тыққанға.
172. Айт та, сөзіңе жет,
Мінгес те, үйіңе жет.
173. Айта берме сөз біткеннің бәрін де,
Ойлап сөйле, таңдап дәмін, нәрін де.
174. Айтады екен алуа, бал татқандар:
«Азанда аш қой түнде тойып жатқандар».
175. Айтар сөзге түшынғаның —
Ноқтаға басты ұсынғаның.
176. Айтар сөзді айт,
Айтпас сөзден қайт.
177. Айтар сөзді алдымен ойлап ал
178. Айтқан екен жайған адам атағын,
Сабыр еткен түзер істің шатағын.
179. Айтқан сөз — атқан оқ.
180. Айтқаныңды қайталама,
Алуаны да бір-ақ рет жейді.
181. Айтпай білмес,
Ашпай көрмес.

182. Айтса болар ақылды алып оқығанға,
Айтып-айтпай немене екі құлағын
мақтамен тыққанға.
183. Айтулы достың малы бір.
184. Айтылады тілменен сөз, сыр ішін,
Жақсы сөз де, білсең, бедел, ырысың.
185. Айтылған сөзді қайтарып ала алмайсың.
186. Айтылмаған сөздерің саф алтындай,
Тістен шықса, қалар бақыр қалпында-ай.
187. Айы біткен айда өтер,
Күні біткен күнде өтер.
Күні өтерін білмеген,
Бейілі кетіп, пір кетер.
188. Айырдан жампоз туады
Аруанаға бергісіз.
Жақсыдан жаман туады
Бір аяқ асқа алғысыз.
189. Айрылайын деген дос
Ердің артқы қасын сұрайды.
190. Айырылатын тамыр
Ердің артқы қасын сұрайды.
191. Айырылған азады,
Қосылған озады.
192. Айырылма, жұртым, үйіріңнен,
Айырылсаң үйіріңнен,
Екі қолың кетпес бүйіріңнен.
193. Ақ айланар,
Қара байланар.